

қалаушылары ретінде сегіз компания болды, олардың екеуі альянста шыққан: «Қазақстанкаспийшельф», Agip, BritishGas, British Petroleum, Statoil, Mobil, Shell, Total және альянс. Қатысушылардың әрқайсысы ОКІОС та 1/7 үлесін алды.

1998 жылы «Қазақстанкаспийшельф» ОКІОС тағы өз үлесін 500\$ млн - ға жапондық Indonesia Petroleum (Inpex) және американдық Philips petroleum Co (әрқайсысы 7,14 пайыздан) компанияларына сатты. 2001 жылы ОКІОС-тан Statoil BP шықты. 2001 жылдың басында ОКІОС консорциумы бұрғылау жұмыстарының біріңғай операторын анықтады. Ол италяндық Agip болды. Осыған байланысты ОКІОС Agip Kazakhstan North Caspian Operation Company-ға трансформаланған. Жаңартылған халықаралық консорциум құрамына қазіргі уақытта ENI – Agip (оператор), BG, Inpex, Philips Petroleum, Shell, TotalFinaElf кіреді

1.4.2 Барлау жұмыстары

Барлау жұмыстарының ұзақтығы СРП ның күшіне енген күнінен алты жылды құрайды. 2002 жылдың тамыз айынан бастап консорциум Қашаған кен орнында төрт ұңғымаларды бұрғылаған, бесіншісін бұрғылау басталған және тағы бір ұғыманы бұрғылауға дайындау жүргізілуде.

Келісім шартқа сәйкес бұл аудандардағы жұмыстар бағдарламасы бойынша кем дегенде алты ұңғымаларды бұрғылауды қарастырады, соның ішінде Батыс Қашағанда екі ұңғымаларды, Шығыс Қашағанда және Ақтоты, Қайраң және Қаламқас құрылымдарында бір-бірден.

Шығыс Қашағанда бірінші барлау ұңғысын бұрғылау 1999 жылдың тамызында басталған. Бұл уақытқа орай Астрахань верфінде кейінірек суасты негізінде қондырылатын «Сұңқар» бұрғылау баржасын жаңартып жабдықтауды бітірді.

Шығыс Қашаған-1 ұңғысын 5172 метр тереңдікте бұрғылау аяқталды. Есептеулер нәтижесі бойынша мұнай дебиті тәулігіне 600 м³- ті құраса, газ дебиті 200 мың м³-ті құрады. Мұнайдың температурасы американдық мұнай институты есептеулері бойынша 42-44 градусқа тең болды. Мұнайға қаныққан өнім қабаты ұңғының 4000 м тереңдігінен төмен екендігі анықталды.

2000 жылдың күзінде «Сұңқар» бұрғылау қондырғысы бірінші ұңғыдан шамамен 400 км, Атыраудан шығысқа қарай 75 км орналасқан Батыс Қашаған құрылымына алмастырылған.

Тереңдігі 4982 м Батыс Қашаған ұңғысын бұрғылауды консорциум 2000 жылдан 2001 ж мамыр айына дейін жүргізген. Мұнай алып жүру горизонты 4250 метрден төмен полезойды карбонаттарда анықталған. Ұңғыны бұрғылау кезінде 32/64 штурцте мұнай дебиті күніне 540 м³, газ 215 мың м³-ке дейін құрайды. Осы кезде мұнайдың өлшенген тығыздығы 42, ал температурасы АРІ стандартына сай 45 градус болады.

2 жылға есептелген бағалау бұрғылаудың бағдарламасын жүзеге асыру 2001 жылдың көктемінде басталған. Бұл бағдарлама мұнайдың